

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК АНЫҚТАМА

«Әкеммен бірге оқимын» оқу сағаты туралы

Балабақшадағы ата-анамен бірлескен жұмыс – балалардың психоэмоциялық дамуы, әлеуметтік дағдыларын қалыптастырудағы маңызды бағыттардың бірі. Ерекше мәнге ие іс-шаралардың бірі – «Әкеммен бірге оқимын» оқу сағаты. Бұл шара ата-аналармен, әсіресе әкелермен тығыз байланыс орнатуға, балалардың оқу мәдениетін дамытуға, әкелер мен балалар арасындағы сенімді қарым-қатынас құруға бағытталған. Қаңтар айында ұйымдастырылған оқу сағатының негізгі мақсаты – ата-ананы баланың оқу әрекетіне тарту арқылы отбасылық байланыстарды нығайту, бала мен әке арасындағы эмоциялық байланыс орнату, балалардың кітапқа қызығушылығын арттыру және оқу мәдениетін қалыптастыру. Оқу сағаты балалар мен әкелерді таныстырудан басталды. Тәрбиеші балаларға және әкелерге қысқаша мақсатты түсіндіріп, кітап оқу арқылы байланыс нығайту, бірлескен уақыт өткізу маңызды екенін айтты. Балалар мен әкелер арасындағы қарым-қатынас орнату мақсатында шағын ойындар өткізілді: «Кімнің дауысы ерекшеленеді?», «Кім оқуды бастайды?». Бұл ойындар балалардың эмоционалды дайындықтарын арттырып, әкелердің белсенді қатысуын қамтамасыз етті. Әр отбасыға қысқа, түсінікті және қызықты кітап таңдалды. Балалар мен әкелер кітапты кезекпен оқып, бір-біріне сұрақтар қойды, кейбір суреттерді сипаттап, оқылған әңгімені талқылады.

Бұл әрекеттердің мақсаты:

балалардың сөйлеу мәдениетін, сөздік қорын байыту;

оқу барысында ата-анамен тығыз байланыс орнату;

балалардың тыңдау дағдыларын, ойлау қабілетін дамыту;

отбасы мен балабақша арасындағы сенімділік пен ынтымақтастықты нығайту.

Тәрбиеші әкелерге әрбір баланың жеке ерекшелігін, қызығушылығын ескеріп, оларға қолдау көрсету, сұрақтар арқылы балалардың ойларын дамытуды үйретті. Сонымен қатар әкелер балаларға дұрыс интонациямен, түсінікті дауыс ырғағымен оқуды көрсетіп, оқу мәдениетін үйретті. Кітап оқудан кейін балалар мен әкелер бірлескен талқылау өткізді. Балалар өздері оқыған бөлімді айтып, оқиға кейіпкерлері мен олардың іс-әрекетін сипаттады. Әкелер балаларға қосымша сұрақтар қойып, оқылған әңгімеден сабақ алуына ықпал етті.

Бұл бөлімде балалардың ойлау, талдау, есте сақтау қабілеттері дамыды. Сондай-ақ балалар әкелерінен үлгі алып, кітапқа деген қызығушылықтарын арттырды. Соңында тәрбиеші барлық қатысушыларды жинап, оқу сағатының нәтижесін қорытындылады. Балалар мен әкелердің қатысу белсенділігі, кітап оқуға деген қызығушылығы жоғары екені аталды. Сонымен қатар балалар мен ата-аналардың өзара қатынасы нығайып, эмоционалды байланысты арттырды. Қорытындысында әр отбасыға шағын тапсырма беріліп, үйде бірге кітап оқу дәстүрін жалғастыруға ұсыныс жасалды. Бұл іс-шара балалардың оқу дағдыларын дамытуға, әкелермен байланысын нығайтуға және отбасы ішінде білім беру мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті.

«Әкеммен бірге оқимын» оқу сағаты балалар мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайтып, балалардың оқу дағдыларын дамытуға маңызды үлес қосты. Балалар кітап оқуға қызығушылық танытып, әкелер балалардың оқу әрекетіне белсенді қатысуды үйренді.

Ұсыныстар:

1. Осындай оқу сағаттарын ай сайын өткізу.
2. Әкелер мен балалар арасындағы байланыс арқылы оқу мәдениетін дамыту.
3. Кітап оқу процесін қызықты ойындармен, талқылаулармен толықтыру.
4. Отбасылық бірлескен іс-әрекетке педагогтердің нұсқауын беру арқылы белсенділікті арттыру.

Анықтаманы дайындаған: Әдіскер: Саттыкова А